

«Сымбат» қыздар клубы- халқымыздың әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерін қыз баланың бойына сіңіре отырып, қыз балаға келешекте ана, ақ босағаның аруы, шаңырақтың құт-берекесі екенін ұғындырып, әдептілікке, сыпайылыққа, инабаттылыққа, мейірімділікке, төзімділікке, әсемдікке тәрбиелеуді мақсат етеді.

КЛУБТЫҢ МАҚСАТЫ:

-қыз балаға қоғамның белсенді мүшесі екенін ұғынуға, адал достықты түсінуге, өнерге, мәдениетке, өткен тарихымызды білуге, отансүйгіштікке тәрбиелеу;
-мейірімділік пен қамқорлық қасиеттерін, ізеттіліктерін қалыптастыру. Қыз бала алдында қоғамның, елдің, ұлттың болашағы және үлкен жауапкершіліктің тұрғандығын ұғындыру;
-әдеп пен сыпайылық, инабаттылық, тазалық пен адамгершілік нәрімен сусындату;
-үлкенді сыйлайтын, кішіге қамқор болатын, білікті, білімді, жан-жақты жетілген қыз баланы тәрбиелеу.

2014 жылдың 6 қарашасы күні оқу орнымызда «Сымбат» қыздар клубының ұйымдастыруымен «Қыздарға әсемдік жарасады» атты шеберлік сабағы өтті. Іс-шараның мақсаты - қыздардың танымдық және шығармашылық қабілетін, эстетикалық талғамын, шеберлігін дамыту, көпшілік алдында өзін-өзі ұстай білуге, әдептілікке, мейірімділікке, сұлулыққа тәрбиелеу; қыздарға заманауи талаптарға сай сұлу болу, бет күтімі туралы кеңес беру.

2014 жылдың 26 қарашасы күні «Сымбат» қыздар клубының ұйымдастыруымен шаш күтімі туралы кезекті шеберлік сабағы өтті. Іс-шараның мақсаты - шаш күтімі туралы кеңес беру. Іс-шараның барысында шаштың қандай түрлері бар, күнделікті қалай күтім жасау керектігі туралы және «Сымбат» клубының төрайымы Талетова Адинай студент-қыздарды ортаға шақырып, шашты тез бұйралап, түйіп қою шеберлігін көрсетті. Аталған шеберлік сабағында қыздар өздерін толғандыратын сұрақтарын қойып, толымды жауап алды. «Сымбат» қыздар клубы қыз балалардың еркін пікір алысуына мүмкіндік беруде.

Клубтың төрайымы- Экономикалық факультетінің студенті А. Талетова.



